МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

●№48 (10 303) ●5 желтоқсан ● жұма ●2025 жыл ●aksuoniri@mail.ru

AQORDA ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кеңес өтті.

Жиында Бас прокурор Берік Асылов, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов әскери және құқықтық тәртіпті сақтау шаралары, сондай-ақ, әскерилер арасында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар әскердегі құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары басшылары қызметінің түрлі аспектілері қарастырылды.

Президент заң мен тәртіпті одан әрі қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге, әскери қызметшілердің мерт болуына және жарақат алуына жол бермеу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

МЕМЛЕКЕТ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖАҢАРТТЫ: ЕНДІ БӘРІ АШЫҚ ЖӘНЕ ОНЛАЙН ҚОЛЖЕТІМДІ

Тұрғын үй көмек – Қазақстандағы аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған мемлекеттік төлем. Ол тұрғын үйге, коммуналдық қызметтерге және мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алынған баспананың шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған. Мемлекеттің мақсаты – әлеуметтік осал азаматтарды қолдау және цифрландыру арқылы процесс ашықтығын қамтамасыз ету.

2025 жылы көмек алу жолы

Өтінішті онлайн egov.kz порталы арқылы немесе ХҚКО арқылы жеке түрде беру мүмкін.

Негізгі мәліметтер (тұрғын үй иелігі, тіркелу, кірістер, банк шоты) мемлекеттік органдар арқылы тексеріледі.

Өтінішті тіркеу үшін отбасындағы барлық жеткіншек жастағы мүшелердің келісімі қажет.

ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде нормативтік есеп жасалады, бұл шешім қабылдау процесін жеделдетеді.

Кімдер көмек ала алады

Тұрғын үй және коммуналдық қызметтерге шығындары жалпы кірістің рұқсат етілген бөлігінен (5%-10%, мәслихаттар белгілейді) асатын, кірісі белгіленген шектен төмен аз қамтылған отбасылар.

Көмек тек бір ғана тұрғын үйге (өздігіңізге немесе мемлекеттік қордан жалға алынған) беріледі.

Отбасының кірісі өтініш берілетін кварталға дейінгі үш ай бойынша есептеледі, оған жалақы, жәрдемақылар, алимент, кәсіпкерлік табыс, жалға беру, бағалы қағаздар мен сыйлықтар кіреді.

Не өтеледі

Коммуналдық қызметтер: су, электр, газ, жылу.

Тұрғын үй мен аула аумағын күтіп ұстау.

Капиталдық жөндеу.

Байланыс қызметтері.

Мемлекеттік қордан алынған тұрғын үйді жалға алу төлемі.

Көмек тек бір тұрғын үйге беріледі, жеке тұлғадан жалға алу мен коммуналдық қызметтердің нормативтен асқан тұтынуын немесе пәтер аумағының шектен тыс қолданылуын қамтымайды.

Көмектің есептелуі

Тұрғын үй көмегі = нақты шығындар – рұқсат етілген шығын деңгейі (жергілікті мәслихаттар белгілейді).

Нормативтік есеп ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде аймақтық шектеулер мен нормаларды ескере отырып жасалады.

Есептеу кезінде бір адамға 18 м² белгіленген.

Өтінішті қадамдап беру

1.Өтініш беру – eGov.kz порталында немесе ХҚКО арқылы ЭЦҚ арқылы.

2.Тексеру – мемлекеттік органдар тұрғын үй, тіркелу, отбасы құрамы, банк шоты және мемлекеттік тұрғын үйді тексереді.

3. Мәліметтерді енгізу – өткен кварталға арналған төлем құжаттарын тіркеу (тұрғын үй, коммуналдық қызмет, байланыс).

4. Қарау – әкімдіктер нормативтік есеп жасайды; мерзімі – 6 жұмыс күні.

5. Шешім қабылдау және төлеу – өтініш берушіге хабарланады; тізімдер Қаржы министрлігінің Казначейлік комитетіне жіберіліп, қаражат аударылады.

Қажетті құжаттар

Жеке куәлік.

Коммуналдық қызмет, тұрғын үйді күтіп ұстау және капиталдық жөндеуге арналған төлем құжаттары.

Байланыс қызметтеріне келісім немесе төлем құжаттары.

Мемлекеттік қордан жалға алу туралы құжат (бар болса).

Банк шотының нөмірі (IBAN).

Дереккөз: ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайты

Мемлекет тұрғын үй көмегінің ережелерін жаңартты: енді бәрі ашық және онлайн қолжетімді

"Мемлекеттік қолдау шаралары нарықтың адал қатысушыларына ғана көрсетіледі" – Олжас Бектенов отандық фармацевтикалық өндірушілерді қолдау туралы

Үкімет отырысы барысында Премьер-министр Олжаса Бектенов отандық фармацевтика саласына қаржы тартуды ынталандыру мақсатында инвестициялар туралы келісімдер жасалып жатқанын атап өтті.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндіру бойынша 9 инвестициялық жоба қолға алынды. Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, үш ай ішінде барлық ұйымдастыру жұмыстарын аяқтап, инвесторлармен келісімдердің жасалуын қамтамасыз ету тапсырылды.

«Дәрі-дәрмекке баға белгілеудің жаңа цифрлық жүйесі фармацевтикалық нарықтағы барлық қатысушылар үшін бірыңғай ережелерді бекітті. Биыл препараттарға бағаны төмендетудің арқасында мемлекет дәрілерді сатып алуда 36 млрд. теңгеден астам қаржы үнемдеді. Бұл қаражат халықты қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталады. Сатып алу бағаларының төмендеуі өндірушілер мен жеткізушілерге ұнай бермейтіні түсінікті. Бірақ біз азаматтарымыздың мүдделерін басшылыққа алуымыз керек. Дәрілер әділ бағамен сатып алынады. Отандық фармацевтикалық өндірушілерге айтарым, біз Сіздерді әрі қарай да қолдаймыз. Оған ешқандай күмән болмасын. Бірақ мемлекеттік қолдау шаралары сапалы медициналық өнімді жеткізетін және бағаны жасанды түрде өсірмейтін нарықтың адал қатысушыларына ғана көрсетіледі», — деп атап өтті Премьер-министр.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 2026 жылға арналған препараттарды сатып алу жаңартылған жүйе бойынша жүргізіліп жатқанын айтты. Дәрі-дәрмектердің кең тізімінің құнын төмендету нәтижесінде айтарлықтай бюджеттік тиімділікке қол жеткізілген. Бірқатар жоғары шығынды дәрілік заттар бойынша бағалар 50%-дан 300%-ға дейін төмендеді. Бұл, ең алдымен, онкологиялық препараттарға қатысты. Мысалы, Иматиниб дәрісі бойынша баға 9450 теңгеден 2348 теңгеге төмендеді, ал Бевацизумаб дәрісінің бағасы 360 мыңнан 77 мыңға дейін төмендеді.

Сонымен қатар дәрі-дәрмектер өзге де профильдер бойынша айтарлықтай арзандады. Осылайша, антибиотик Цефепим бойынша бюджетті үнемдеу 174 млн. теңгені (-40%), ал иммунобиологиялық препарат Экулизумаб бойынша – 424 млн теңгені (-18%) құрады. Ең жоғары бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ететін ТОП-10 препаратқа Бевацизумаб, Иматиниб, Сорафениб және Сунитиниб сияқты препараттар кірді. Сондай-ақ, Инсулин деглудек, Метотрексат, Элтромбопаг, Будесонид және Йопромид бағасы айтарлықтай төмендеді.

Өзгерістер бөлшек сауда нарығына да әсер етті. 4 900 дәрі-дәрмектің бағасы қайта қаралды. Қазан-қараша айларында дәріханалардың мониторингі танымал препараттардың құны орта есеппен 12%-ға төмендегенін көрсетті. Мысалы, «Цефапс» препараты 31%-ға, «Зитмак» – 20%-ға, ал, «Ревмоксикам» – 32%-ға арзандады.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, негізгі отандық өндірушілер жаңа ережелерге бейімделіп, дәрі-дәрмектер желісінің бағасын төмендетіп үлгерген. Үнемделген қаражаттар ең алдымен алғаш рет анықталған пациенттердің қосымша қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жұмсалмақ. Жалпы алғанда, жаңа баға белгілеу моделі тұрақты және болжамды нарықты қалыптастырып, жеткізу қауіпсіздігін нығайтады және сыртқы баға ауытқуларына тәуелділікті төмендетеді. Министрлік қол жеткізілген нәтижелерді бекіту бағытында жұмысты жалғастырады.

#Олжас Бектенов #Денсаулық сақтау #Президенттің тапсырмасы #Сауда #Фармацевтика #Үкімет отырысы.

КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 588 КӘСІПОРЫН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Жетісу облысында 588 кәсіпорын бар, соның 378-і өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейді. Осы жылдың он айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 323,2 млрд. теңгені құрады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі

240,1 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте оның өнеркәсіптегі үлесі – 74,3%,

бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,3%-ға өскен.

Облыс кәсіпорындарының өнімділігін арттырып, өндіріс көлемін ұлғайту үшін үнемі цифрландыру элементтері енгізіле отырылып, жаңғыртылады.

Мәселен, осы жылы «Қайнар АКБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа желіні іске қосып, жаңғырту жүргізді. Сондай-ақ, қойма, монтаждау желісі, лазерлік таңбалау және жұмыс уақытын есептеу жүйесі автоматтандырылды.

«Метакон» ЖШС металды лазерлік кесу және металл конструкцияларды роботтық дәнекерлеу жүйесін енгізді, ал «Алацем» ЖШС роботпаллетайзермен жабдықталған орау цехын ашты.

Сонымен қатар қоспаны дайындаудан бастап кесіп, қаптауға дейін толық автоматтандырылған өндіріс процесімен газоблок шығаратын «Стальбетон» ЖШС зауыты пайдалануға берілді.

«Бұл шаралар шығындарды төмендетіп, дәлдікті арттырады және өңір кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Жалпы, 2029 жылға дейін өңдеу өнеркәсібі саласында 1,9 трлн. теңге көлемінде 29 жобаны іске асыру жоспарлануда. 6,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Олардың ішінде ірі перспективалық жобалар «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс компаниясы» ЖШС металлургия комбинаты, «Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласы» ЖШС индустриялық паркі, «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС пакеттелген кофе мен шай өндірісі, «Envision KKS» ЖШС жел электр станцияларын өндіретін зауыты, - деп атап өтті облыстық кәсіпкерлік және ИИД басқармасының басшысы Серік Сәбетайұлы.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотографтар: Жеңіс ЫСҚАБАЙ, Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

БІЛІМ

ЖЕТІСУДА БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ОЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жетісу облысында орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды тамақтандыру сапасы мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылайтын қоғамдық штаб жұмыс істейді. Осы жылдың қазан айында құрылған штабтың құрамындағы жергілікті мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аймақтық филиалының, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының мүшелері және белсенді азаматтар екі ай ішінде өңірдегі 416 білім мекемесіне, соның ішінде жекеменшіктегі мекемелерге де мониторинг жүргізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңның аясында жүргізілген мониторинг барысында қоғамдық штаб өкілдері тамақтану сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты негізгі мәселелерден бөлек, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуына, температуралықрежимге, іс жүргізуге, оқушыларды автобуспен тасымалдауға ерекше назар аударды. Сондай-ақ, олар білім беру нысандарында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына қатысты мәселелерді де қарастырды.

Балалардың қауіпсіздігі мәселесіне қатысты облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов:

- Өңірдегі 422 білім беру ұйымының барлығы бейнебақылау камераларымен толық қамтамасыз етіліп, Полиция Департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Сол сияқты барлық білім беру ұйымдарында «Дабыл түймелері» қойылып, жергілікті полиция басқармаларының кезекші бөліміне қосылды. Бүгінгі күні 296 білім беру ұйымында 518 дана турникет орнатылды. Облыс бойынша 210 білім беру ұйымы 253 штаттық бірлікте арнайы мамандандырылған күзетпен қамтамасыз етілген. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда, - деді өз сөзінде.

Қоғамдық штаб өкілдерінің айтуынша, мониторинг қорытындылары білім беру сапасын одан әрі жүйелі түрде жақсартудың негізіне айналады.

- Балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерін қоғамдық бақылау – аталған мәселелерге қатысты мәліметтерді жинақтау, талдау және бағалау ісін қамтитын кешенді жұмыс. Біздің мақсатымыз – туындаған мәселелерді анықтап, оларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу. Ал, бұл ұсыныстарды іске асыру өңірде заманауи әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай мониторинг шараларын облыс көлемінде әр тоқсан сайын жүргізіп тұрамыз, - деді «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын.

Жалпы, биыл өңірде 3 мектептің құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында Алакөл ауданының Достық ауылында 600 орындық, Ақсу ауданының Көлтабан ауылында 120 орындық, Панфилов ауданының Талды ауылында 300 орындық мектептер пайдалануға берілді. Тағы 4 мектептің құрылысы жалғасуда, яғни, Кербұлақ ауданының Көксай ауылында, Панфилов ауданының Суптай ауылында, Текелі қаласында және Талдықорған қаласында жалпы 680 орынға арналған білім нысандары салынып жатыр, келесі жылы пайдалануға беріледі. Сол сияқты 7 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, соның 5-еуінде жөндеу жұмыстары аяқталды, ал қалған 2 мектепте құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін толық бітеді. Бұдан бөлек, биыл 14 мектепте, 5 балабақшада және 1 лагерьде – жалпы саны 30 білім беру нысанында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал, келесі жылы 25 мектеп, 2027 жылы тағы 25 мектеп жөндеуден өтеді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фототілшілер: Дмитрий ЕРОФЕЕВ, Жұмабай МҰСАБЕКОВ,

Сондай - ақ, фотосуреттерді "AMANAT" партиясының облыстық филиалы ұсынды.

ПРОБАЦИЯ – ҚОҒАМҒА ҚАЙТА ОРАЛУ МҮМКІНДІГІ

МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Бүгінгі қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі қателік жасап, бірақ түзелу жолына түскісі келетін азаматтарды қоғамға қайта бейімдеу

Пробация – бұл қылмыс жасап, бірақ бас бостандығынан айырылмай, қоғамда түзелу мүмкіндігі берілген азаматтарға мемлекет тарапынан бақылау мен қолдау көрсету жүйесі. Оның негізгі мақсаты адамды жазалау емес, қайта қылмысқа барудан сақтандырып, дұрыс өмір жолына бағыттау.

Өкінішке қарай, пробациялық тіркеуде тұрған азаматтар жұмыс табу, құжат рәсімдеу, қоғамға қалыптасу барысында түрлі қиындықтарға тап болады. Көпшілігі оларды бұрынғы қателігіне қарап бағалайды. Бірақ әр адамға қателігін түзетуге мүмкіндік берілуі тиіс.

Тәжірибе бойынша тұрақты жұмысы, табысы, мақсаты бар адам қайта қылмыс жасамайды. Ал, жұмыссыздық, қоғамнан шеттетілу қылмыс жасаудың басты себептерінің бірі.

Мансап орталығының бұл бағыттағы жұмысы төмендегідей:

«Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде.

Жыл басынан бері пробация қызметі есебінен әлеуметтік, құқықтық көмек қажет ететін 7 адам тіркелді. Шаруа қожалықтарына, жеке кәсіпкерлерге, мекемелерге тұрақты жұмысқа орналасты. Кәсіптік оқу 3 айлық қайта даярлау курстарына, қоғамдық жұмысқа жолданып аяқтағаннан кейін жұмыстарын атқаруда.

Тұжырымдама шеңберінде азаматтарға «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісім шарты» жобаларына, жастар практикасына, әлеуметтік жұмыс орындарына, «Күміс жас» жобасына, қоғамдық жұмысқа, бос жұмыс орындарына қатысуға мол мүмкіндіктері бар. Мемлекет тарапынан 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде еңбекақы төленеді.

Себебі, еңбек – тек табыс көзі емес ол жауапкершілікті, тәртіпті қалыптастырады.

Қайта түзелуге талпыныс жасаған жанға мүмкіндік беру – біздің азаматтық, әлеуметтік борышымыз.

Ең бастысы – қолдау мен сенім.

Б.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Мансап орталығының директоры.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП - ТҰРАҚТЫ ҚОҒАМНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Бүгінгі Қазақстан үшін заңның үстемдігі мен қоғамдық тәртіп – жай ғана құқықтық категория емес, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен дамуының басты кепілі. Тәуелсіздігін баянды етуге ұмтылған ел ең алдымен заңға бағынған, тәртіпке негізделген қоғамдық мәдениетті қалыптастыруы тиіс. Осы жолда «AMANAT» партиясы өзінің саяси жауапкершілігін терең сезініп, азаматтардың қауіпсіздігі мен әділдікке деген сенімін нығайтуға бағытталған бастамаларды жүйелі түрде ұсынып келеді.

Құқықтық мемлекет – әділдік пен сенімнің тірегі. Иә, Заң үстемдігі – азамат пен мемлекет арасындағы сенім көпірі. Егер заң барлық азаматқа бірдей қызмет етсе, қоғамда әділетсіздікке жол азаяды. Сол себепті біз – құқық қорғау органдарының ашықтығын арттыруды, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуды, азаматтардың құқықтық сауатын көтеруді маңызды бағыттар ретінде көреміз.

«AMANAT» партиясы құқықтық реформаларды тек құжат жүзінде емес, практикалық деңгейде жүзеге асыруды қолдайды. Әрбір қазақстандық өзін қорғалған сезінгенде ғана елдің дамуына сеніммен үлес қоса алады.

Қоғамдық қауіпсіздік – ортақ жауапкершілік. Тәртіп тек мемлекеттік органдардың жұмысына ғана байланысты емес. Ол – бүкіл қоғамның мәдениеті. Біз жастар арасында құқықтық мәдениетті нығайтуға, тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қауымдастықтармен, жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарымен тығыз ынтымақтастық орнатуға ерекше мән береміз.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

көшелерді цифрлық бақылауды жетілдіру, төтенше жағдайлардың алдын алу жүйесін модернизациялау, құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби даярлығын арттыру сияқты шаралар кешенді түрде қолға алынуы тиіс.

Партияның рөлі – реформаторлық бастамаларды жүзеге асыру

«AMANAT» партиясының мақсаты – қоғамдағы әрбір өзгерістің халыққа нақты пайда әкелуін қамтамасыз ету. Заң және тәртіп бағытындағы партия бастамалары:

жергілікті мәселелерді жылдам шешу, әкімшілік кедергілерді азайту, сыбайлас жемқорлықпен жүйелі күрес жүргізу секілді нақты қадамдарға негізделген.

Біз азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарын тікелей тыңдайтын ашық алаңдарды көбейттік. Халықпен кері байланыс күшейген сайын, шешімдер де әділетті әрі өмірге жақын бола түседі.

Заң мен тәртіп – дамыған және қауіпсіз Қазақстанның басты шарттары. «AMANAT» партиясы осы бағыттағы күрделі де маңызды міндеттерді шешуге әрдайым дайын. Біздің мақсат – әр азаматтың құқықтары қорғалған, қоғам тыныш, болашаққа сенім мол мемлекет құру.

Тәртіпке шақыру – шектеу емес, жалпыға ортақ игілікті қорғаудың жолы. Ал, заңның үстемдігі – тұрақты мемлекет пен жарқын болашақтың кепілі.

Сапарғали ТЕМІРБЕКОВ,
Қарашілік БПҰ төрағасы,
«AMANAT» партиясының белсенді мүшесі.

АҚСУ АУДАНЫ – СПОРТТЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІМПАЗЫ

Жетісу өңірінде жыл сайын асыға күтетін игі дәстүр бар – ол халық қалаулылары мен мемлекеттік қызметкерлер арасында өтетін облыстық спартакиада. Биыл бұл мереке ерекше рухта, айырықша көңіл-күймен өтті. 27 қараша күні Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт кешені нағыз сайыс алаңына айналып, аймақтың екі қаласы мен сегіз ауданынан жиналған депутаттар мен мәслихат қызметкерлерін құшақ жая қарсы алды. Ашылу салтанатынан-ақ қатысушылардың бойындағы жігер, ынта, ұйымшылдық сезілді. Сайыстың әр сәті тек тартысқа толы ғана емес, сондай-ақ, достық пен бірліктің шынайы көрінісіне айналды.

Спартакиаданың биылғы деңгейі өзгеше болды. Өңірдегі түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттары спорттың алты түрі бойынша күш сынасып, өзара кімнің мықты екенін анықтады. Волейбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, қол күрес және шағын футбол – бәрі де қатысушыдан төзімділік, шапшаңдық, айла мен шеберлікті талап етті. Бұл жарыстар тек жүлде үшін ғана емес, салауатты өмір салтын насихаттауды, бұқаралық спортты өркендетуді, бірлік пен командалық рухты нығайтуды мақсат тұтты.

Осындай үлкен додада біздің Ақсу ауданының командасы айрықша өнер көрсетіп, жарқын жеңісімен баршамызды қуантты. Әр спортшының еңбегі, әр ойыншының маңдай тері зор нәтиже берді. Нәтижесінде Ақсу құрамасы облыстық спартакиаданың шын мәніндегі чемпионы атанып, жалпы командалық есепте I орынды жеңіп алды.

Құрамамыздың жетістіктеріне тоқталар болсақ: Волейболдан – I орын, Футболдан – I орын, Арқан тартыстан тағы да – I орын, Үстел теннисінен – II орын, Қол күрестен – III орын, Тоғызқұмалақтан – V орынға қол жеткізді.

Бұл нәтижелер ауданымыздағы спортқа деген сүйіспеншіліктің, ынтымақ пен қажырлы еңбектің жемісі екені сөзсіз. Спортшыларымыздың бойындағы қайсарлық пен мықты рух – ауданымыздың ортақ мақтанышы.

Жерлестеріміз жеңіспен оралғанда, аудан әкімі Берік Тынышбайұлы Тынышбаев арнайы қабылдап, аудан әкімдігінің аппарат жиыны алдында барша ақсулықтардың көзінше тағы да құттықтады. Бұл – спортшыларымызға көрсетілген үлкен құрмет, олардың қажырлы еңбегіне берілген лайықты баға.

Мен, мәслихат депутаты ретінде, ауданымыздың намысын қорғаған әріптестеріме шын жүректен алғыс білдіремін. Олар тек спорт алаңында ғана емес, қоғам өмірінің барлық саласында белсенді, жауапты, адал қызмет етіп келе жатқан азаматтар. Бұл жеңіс – тек спортшылардың емес, бүкіл Ақсу халқының жеңісі.

Жетісудағы белсенділікті арттыруда, салауатты өмір салтын дәріптеуде мұндай шаралардың маңызы зор. Ал біздің спортшыларымыз сол ізгі мақсаттың өркендеуіне өз үлесін қосты.

Ақсу ауданының абыройын асқақтатқан барша әріптестерімді тағы да шын жүректен құттықтаймын! Жеңістерің көп болсын, жігерлерің тасыған, рухтарың асқақ болсын!

Ақсу – әркез ілгері, әркез биікте!

Сандуғаш БАЯНОВА,
аудандық мәслихат депутаты.

"Ақсу ауданы әкімінің кубогі" ДОСТЫҚ ПЕН ШЕБЕРЛІКТІ ТОҒЫСТЫРҒАН ЖАРЫС

20 – 21 қараша күндері аудан орталығындағы Дене шынықтыру және спорт кешенінде дәстүрлі волейболдан «Ақсу ауданы әкімінің кубогі» турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тартысты ойындармен есте қалды. Аталған турнир – спорттық шеберлікті ғана емес, қоғамды алаңдатқан қауіпті әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамауға шақырған игі бастама болды. Себебі, шара «Сыбайлас жемқорлыққа және нашақорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбы аясында ұйымдастырылған болатын. Жарысқа ауданымыздың әр ауылынан келген ең үздік спортшылар қатысып, доданың көркін қыздырды.

Жарыс алдындағы дайындық жұмыстары 19 қарашада басталды. Әр ауылдың намысын қорғауға келген 8 ойыншыдан тұратын командалар мандаттық комиссия отырысына қатысып, қажетті құжаттарын тапсырды. Сол жерде жеребе тарту рәсімі өткізіліп, командалардың қай топта, қай ұжыммен кездесетіні нақты анықталды. Ойыншылар екі топқа бөлініп, өзара сынға түсу үшін Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы мен Ақсу агротехникалық колледжінің спорт залдарында қызықты да шиеленісті матчтар өрбіді.

20 қараша күні Дене шынықтыру және спорт кешенінде турнирдің салтанатты ашылуы өтті. Шарада Ақсу ауданының әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, спорттың ел бірлігін нығайтудағы маңызына тоқталды. Ол өз сөзінде сыбайлас жемқорлық пен нашақорлық сияқты қоғамға қауіпті құбылыстарға қарсы күрес тек құқықтық жолмен ғана емес, салауатты өмір салтын насихаттау арқылы да жүзеге асатынын ерекше айтты.

Сонымен қатар, ауданның спорт саласына еңбегі сіңген ардагерлер де сөз алып, жас спортшыларға ақ батасын берді. Жарыстың Бас төрешісі Молдабергенов Талғат Боранбайұлы сайыстың әділ әрі жоғары деңгейде өтуіне жауапты болды.

Турнир барысында эпидемиоло-гиялық талаптардың қатаң сақталуы ерекше бақылауға алынып, спортшылар мен көрермендердің қауіпсіздігі басты назарда болды. Әр ойын өзара бәсекелестікке толы, жоғары деңгейдегі шеберлікті таныта білді. Командалар жеңіске жету жолында жанкештілік пен командалық рухтың үлгісін көрсетті. Әр ойын — жігер, шеберлік және әділдікке толы сын еді. Командалар бір - біріне лайықты қарсылас атанып, ойын деңгейі көрермендер көңілінен шықты.

Тартысты бәсеке қорытындысы бойынша: I орын – Жаңалық ауылының командасы, II орын – Қаракөз ауылының командасы, III орынды – Қарасу ауылының командасы иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегер командалар, сондай-ақ үздік ойыншылар арнайы дипломдармен, медальдармен, кубоктармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Турнир барысында ешқандай наразылық хат түспеуі – жарыстың жоғары деңгейде, әділ өткенінің айқын дәлелі.

Жарыс күндері спортшылардың өмірі мен жол қауіпсіздігі жарыс өкілдерінің бақылауына алынып, барлық талап толық орындалды.

«Ақсу ауданы әкімінің кубогі» биыл да бірлік пен татулықты, спорттық рух пен шеберлікті ұштастырған ауқымды шара болды. Жылдан - жылға жалғасып келе жатқан бұл турнир аудан спортын дамытып, жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулуға зор үлес қосатыны анық.

Бұл турнир тек спорт мерекесі емес, қоғамды тазалыққа, әділдікке, салауатты өмірге үндеу жасаған маңызды шара болды. «Ақсу ауданы әкімінің кубогі» алдағы уақытта да спорт арқылы ел ішіне бірлік пен адалдықты насихаттай бермек.

Асхат САУҒАНБАЕВ,
«Облыстық бұқаралық - спорттық іс - шараларды өткізу орталығы» КММ - нің аудандық бөлімшесі басшысы.

Жансүгіров мәңгі жасыл ауыл

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев жастармен кездесуінде: - "Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі", – деген болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында биылғы жылға аудан бойынша 12 000 түп ағаш отырғызу жоспарланғанын өткен апталардың бірінде айтқан едік. Енді сол жоспар қаншалықты орындалғанына тоқталайық.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мәліметіне сүйенсек осы аптамен ағаш отырғызу науқаны толық аяқталды.

Алайда, жоспарды толық орындамаған елі – мекендер бар. Олар енді ағаш отырғызуды ерте көктемнен бастап жалғастыратын болады.

Ауылдарға ағаштар отырғызу, абаттандыру мақсатында ағаштар отырғызу осы аптаға дейін қарқынды жалғасып, барлық ауылдық округтер мен аудан орталығында көгалдандыру жұмыстары жасалды.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында аудан көлемінде күзгі санитарлық-тазалық жұмыстарының бір көрсеткіші аудан орталығының жасыл желекке орануы. Біздің оқушы кезімізде «Тікен, тікен, тік пісте, қысы – жазы бір түсте» деген бір жұмбақ бар еді. Міне сол жұмбақтың жауабы аудан орталығының саябақтары мен алаңның маңына, арбаттардың бойына отырғызылып, қысы – жазы жасыл болып тұратын қылқан жапырақты ағаштар, қарағайлар мен шыршалар ауылымызға көрік беруде.

Орталық саябақ ескі қураған ағаштардан толық арылып, жаңадан ағаштар отырғызылуда. Жүз түп шырша орталықтағы бұрынғы гүлзарлардың орнына отырғызылды.

Орталық саябақ, арбаттардың бойы, ескерткіштердің айналасы және жаңадан салынған түрғын үйлердің абаттандыру жұмыстарын қоса қанда мыңға жуық шыршамен ауылымыз мәңгі жасыл ауылға айналуда.

Жұмыстар әлі де жалғасады.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ҰСТАЗ ҒҰМЫРЫ – ЕЛДІКТІҢ ЕҢСЕСІ

(АСХАТ БОРАНБАЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫНА АРНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ)

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

2025 жыл елімізде Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланып, еңбектің қадірін, ұстаздық пен қарапайым мамандық иелерінің қоғамдағы рөлін айқындай түскен айырықша кезеңге айналды. Дәл осы мазмұнды жылда Ақсу ауданының Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясы бір айырықша еңбек иесін – саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Асхат Боранбайұлы Молдабергеновті құрметпен зейнеткерлікке шығарып салды.

Ұстазға арналған салтанатты шара мектептің акт залында өтті. Жиынға мектеп ұжымы, ардагер - ұстаздар, ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев, сондай-ақ, ұстаздың әріптестері мен шәкірттері қатысып, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Мектеп директоры Данияр Ахмолдаев Асхат Боранбайұлының мектеп өміріндегі орны ерекше екенін атап өтіп, оның кәсібіне деген адалдығын жас буынға үлкен өнеге деп бағалады.

Ардагер ұстаз А.Айтбаев та Асхатты алғаш мектепке жап - жас болып, марқұм жары Күнсұлумен қол ұстасып келген күндерін толқи еске алды. Естелік өрбіген сайын ұстаздық өмірдің қадірі, уақыттың із қалдырғаны, адамдықтың биік парасаты ерекше сезілді.

Иә, бір салада төрт онжылдыққа жуық табанды еңбек еткен, жай еңбек етпей қаншама дарынды спортшыларды шығарған Асхат Боранбайұлының өмір жолы бір ғана сөзбен сипатталса – ол тұрақтылық.

1984 жылы Ақсу ауданындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының табалдырығын аттаған жас маман содан бері бір сәт үзілмей, дәл осы білім ордасының өркендеуі мен тәрбиелік үдерісіне үлес қосып келеді.

2013–2020 жылдар аралығында ол директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, мектептегі тәрбие жұмыстарының жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Оның ұйымдастырушылық қабілеті, талапшылдығы мен әділдігі талай ұстазға үлгі болды.

Спортты – тағдыр жолы, еңбектің өлшемі еткен Асхат Боранбайұлы — тек ұстаз емес, спорт саласында да дара жол салған жан.

Жас спортшыларды баулып, футбол, баскетбол, жеңіл атлетика бағыттарында түрлі жарыстарға қатыстырды. Оның шәкірттері көптеген аудандық, облыстық сайыстарда жүлделі орындар алып, «Үздік ойыншы» атанды.

Тек шәкірттері ғана емес, өзі де спортта жоғары нәтижелер көрсеткен азамат:

Мысалы, облыстық ардагерлер арасындағы Президенттік сынамада екі дүркін чемпион атанса, Ақсу ауданы бойынша марафон жарыстарының бірнеше дүркін жеңімпазы болғанын көзіміз көрген.

«Ұлттық мектеп лигасы» аясындағы облыстық жеңіл атлетикалық кроссте I орынға жетуге қосқан үлесі үшін арнайы диплом иегері де атанды.

Мұндай жетістіктер – оның спортқа деген адалдығы мен өмірлік ұстанымын айқын көрсетеді.

Еңбектің еленуі – ел құрметі емес пе? Асхат Боранбайұлының көпжылдық еңбегі мемлекет тарапынан да бағаланған.

Ол: ҚР Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен және Алматы облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бірнеше Құрмет грамоталарын алса, былтырғы жылы «Оқу - ағаруту министрі» Бейсембаевтың «Алғыс хатымен», биылғы жылы «Білім, ғылым және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің салалық кәсіподағына еңбегі сіңген қайраткер» төсбелгісімен марапатталды.

Бұл марапаттар – адал еңбектің, ұстаздықтың, табандылықтың заңды жемісі.

Сөйтіп, Асекең биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылының» өнегелі бейнесі бола алды.

Жұмысшы мамандықтар жылының басты мақсаты – қоғамға қызмет ететін қарапайым еңбек адамдарының қадірін асқақтату. Солардың қатарында, әсіресе, болашақ ұрпақтың денсаулығы мен рухын қалыптастыратын дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің орны ерекше.

Асхат Боранбайұлы – осы жылдың да, осы ұранның да жарқын көрінісі. Оның өмір жолы еңбекқорлықтың, ұстаздық парасаттың, азаматтық адалдықтың өлшеміндей. Жиырма емес, отыз емес – қырық жылға жуық уақытты бір ғана мектепке арнау әркімнің қолынан келе бермейді.

Осы кеште мектеп директоры Д.Ахмолдаевтың оқыған құттықтаулардың ең әсерлісі – Жетісу облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Қ.Қасымовтың лебізі болды:

«Құрметті Молдабергенов Асхат Боранбайұлы!

Сізді зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Ұзақ жылғы адал еңбегіңіз – көпке үлгі. Сіз атқарған қызмет – тәртіп пен нақтылықтың, жауапкершілік пен адамгершіліктің айқын көрінісі. Сізге зор денсаулық, отбасылық береке, ұзақ ғұмыр және шаттыққа толы күндер тілейміз!»

Салтанатты жиын соңында мектептен құрылған төрт команда волейбол ойынын өткізіп, ұстаз тағдыр жолына арнаған мерекелік дастархан жайылды.

Осы кеште Асхат Боранбайұлының жолы – ұстаздық жолды таңдаған әрбір жасқа сабақ, елге үлгі, ұрпаққа өшпес мұра болғаны сөзсіз.

Оның өмірі – еңбектің қадірі барын дәлелдеген тағылым.

Ол – ауыл мектебінің абыройын асырған азамат.

Ол – шәкірт сүйген, әріптес сыйлаған, ел құрметтеген жан.

Зейнеткерлік – еңбектің аяқталуы емес, абыройдың биікке шыққан тұғыры.

Ендеше, біз де зейнеткерлік жасыңыз құтты болсын дейміз. Сіздің еңбегіңіз – ұрпақ жадында, жүрек төрінде.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Таңба тауып танытатын тайпасын,
Тарихында тасқа жазып қалдырған.
Бабаларын бағаласын, байқасын,
Артқы ұрпақтар асылдарын алдырған.
Тастарға жазып тарихын,
Тайларға басқан таңбасын.
Қазақтар тегін танитын,
Адамдар артын аңдасын.
Алты мүшел, жеті жыл ғұмыр сүріп,
Шындықтың шарлағанда
шатқалдарын.
Аға арманын арқалап ала жүріп,
Осы менің тарихтан тапқандарым!

Осы арада жасым сексеннің сеңгіріне жақындап, отбасында отырған, оның үстіне көз жанарынан айырылған, Ұлы Отан соғысының бірінші топтағы мүгедегі менің Мұхтар Әуезовтың туғанына жүзден астам жыл толуына орай осы сөздерді жазып отыруымның себептеріне аз тоқтала кетейін:

Мен өзімен екі рет, көзімен бір рет кездескен адаммын.

1951-1952 жылдары мен Алматыдағы республикалық партия мектебінде тыңдаушы болып оқып жүргенімде Мұханның келіп оқыған лекцияларын тыңдадым. Сонда, орта бойлы, мығым денелі, ауырлау келген астау басты, қоңырқай жүзді, қоңыр үнді Мұханның оқыған лекциялары ойының даналығы, тілінің тазалығымен тыңдаушыларды баурап алушы еді. Мінезінің сондағы байсалдығына қарап, біз ол кісінің қысылып - қымтылар, сасып - салбырар ешқандай жағымсыз жайлары жоқ шығар деп шамалаушы едік.

Шындығында, онымыз бекер екен. Өйткені, Қазақстан КП Орталық Комитетінің сол тұстағы идеология жөніндегі секретары Яковлев бір күні бізге келіп оқыған лекциясында бастанаяқ Мұхтар Әуезовты сынаумен болды. «Ол байшыл, өткен өмірдің жаршысы. Бүгінгі жетістіктерді көрмей, кешегіні көксеуші!» деген мағынада сөйлеп тұрды. Сабақ арасындағы қысқа үзілісте киоскідегі газеттерді қарасақ, «Казахстанская правда» газетінің дәл сол күнгі санының ішкі етегінде (подвалында) Мұхтар Әуезовтың «Путь Абая» атты романынан үзінді жарияланыпты. Оны Москвада шығатын «Звезда» журналынан алынды деп көрсетіпті.

Үзілістен соң қайта кіріп, - Сіз әлгінде не дедіңіз, ал мына бүгінгі санды жаңа газетте жарияланған Мұхтардың романынан үзінді жазылып тұр ғой деп газетті көрсеткенімізде әлгі Яковлев қызарақтап кетті де «Кто им разрешил?» деп кіжінді. «Откуда знаем» дестік біз бәріміз шулап.

Бұл жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары болып Пономарев, екінші секретары болып Брежнев істейтін. Бұлар сол тұста КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары боп істеп тұрған Н.Хрущевтың қолшоқпар - қос жұдырықтары есепті еді. Сондықтан да, олар өздерін еркін сезініп, аузына түскен сөздерін айта салуға іркілмейтін.

Мысалы, сол тұста өткен партия активінің бір жиналысында «Мы тяжелевозы двойной тяги, приехали поднимать экономику и культуру Казахстана» деп кеудесін ұрғаны бар. Сондағы «двойной тяги» деп тұрғаны Пономарёвтың өзі мен Л.Брежнев болатын. Артынан аңғарғанымызда сол «двойной тягилардың» арттарында «прицептер» де бар екен. Сол «прицептердің» бірі жоғарыда сөз болған – Қазақстан Орталық Комитетінің идеологиялық жұмыс жөніндегі секретары Яковлев еді.

Оның жоғарыда сөз болған лекциясын М.Әуезовке тиісуі тегіннен тегін емес, Қазақ халқының ұлттық интеллигенциясын түбірінен отап, өркенін өсірмеудің түптен келе жатқан Ұлы орысшылдық саясатының жалғасы есепті еді. Өйткені, жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарында қуғын-сүргінге түсіп қамалған, сотталған, атылған қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдері: Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтарды «Октябрь революциясын қолдамаған, ұлтшыл Алашорда партиясын құрушылар болды» деп айып тағуға сылтау таптық десе де, сол революцияның өсірген өз түлектері есепті «Бәрін айт та, бірін айт. Коллективтің жырын айт» деп қазақ Совет әдебиетінің тұңғыш Ту көтерушілері болған Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндерді саяси қауіпті адамдар қатарына қосудың қисына да, сылтауы да болмаса да «Халық жауы» дейтін қара күйе жағып, орыс әкімдерінің айдатып, атқызғандары мәлім.

Сонда олар «жау» болғанда қай халыққа жаулық жасап еді? Қазаққа ма, орысқа ма? Мұндай сұрақтарға жауап беретін ешкім жоқ еді. Сол бір сотталып кеткен орта буын ақын-жазушылардан

ТӘҢІРБЕРГЕН ҚАЛИЛАХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА!

ТАҢЫМ ТАҢБАЛАРЫ

кейін өсіп, Қазақ әдебиетінің қаламгерлері бола бастаған үшінші толқынның көзге ілігерлерінің бірі болған – Мұхтар Әуезовке де түскелі тұрған тұзақ бар болып шықты. Ол тұзақты ұстап отырған адам – жоғарыдағы Яковлев екенін көрдік.

Осындай жағдайда сабырлылық пен салауаттылық сақтап, салмақты тақырыптарды сауаттылықпен ашып, лекция оқитын Мұқанды «Сырты бүтін көрінгенімен, іші түтін» ағамыз деп ойлайтынбыз. Алайда, «Ырыс қашса да, қуыс қоймайды» деп халық даналығында тауып айтылғандай, Мұқанның төбесіне төнген бұлт қанша қалың болса да, табиғи талант иесі болғандығынан ғана ол қалың бұлтты қақыратып, Күн сәулесін көрді.

Олай дейтінім, Коммунистік партияның беделін бетіне ұстаған орыс әкімдері қара ізіне түсіп қанша қуса да, Мұхан амалын тауып, оларды адастырып кетіп жүрді. Онда да, сол «Ұлы орысшылардың ұясы» болған Мәскеудің өз баспаларында өзінің арқалаған Алатаудай «ауыр жүгі» - Абай өмірі жөніндегі романын «Путь Абая» деген атпен орыс тілінде кітап қып бастырып шығарды! Сөйтіп, Абайдай ұстазының «Ісім ілгері бассын десең амалын тап» дейтін ақыл сөзін ақтай білді!

Бұл менің Мұханды бірінші рет көргендерімнен түйген түйіндерімнің қысқаша мазмұны. Ал, Мұханның басына төнген қара бұлт сейіле бастаған тұсында оны екінші рет көрдім. Ұмытпасам 1979 жылдың жаз айларының бірінде Қазақ ССР ғылым Академиясы «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері» деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция өткізді. Сол тұстағы Тіл және Әдебиет институтының директоры Базарбаев Мүслімнің шақыруымен сол конференцияға мен де бардым. Сонда, Мұхан конференцияның жұмысын басқарған Президумға төрағалық жасап отыр екен.

Ол мені мінбеге шақырып, алыс ауылдан азар жетіп үлгергенім сол еді, терлептепшіп тұрғанымды көріп, столындағы өз алдында тұрған шыны ыдыстан толтырып бір стакан су құйып берді. Осы конференцияда академик Әлкей Марғұланнан бастап барлық академиктер, мүше-корреспонденттер, ғылым докторлары, кандидаттары отыр екен. Солардың арасынан «Ей, Мұханның қолынан су ішетіндей сен кім едің» деген дауыстар естіліп жатты.

Ал, бұрын лекцияларын тыңдағанда қоңыр үні құлағыма құйылып, жанымды жадырататын Мұханның мына өз қолымен құйып берген қоңыр-салқын суы менің енді, міне, жансарайымды ашып, қанымды таратты, ауылдан барған адам болсам да Академиктер алдында сөз сөйлеуіме мүмкіндік берді.

Басқаша сөзбен айтқанда, сол тұста өзім көтеріп, газет-журналдарға жазып жүрген қазақтың атақты қызы Сара Тастамбекқызы туралы білетіндерімді конференцияда баяндауыма Мұхаң – жанашыр демеушім болды.

Сөйтіп, ауыр азаптарды арқалап жүріп Абайды жарыққа шығарған Мұханның табандылығы – қырық жыл бойы қынжылмай қызмет істеп, ақын Сараны жарыққа шығаруыма үлгі-өнеге болды.

Осындай игі ізденіс, талмай талпынудың нәтижесінде қазақ халқының тарихы, оның түп-төркіні, ертедегі түрік аманаттары жәйлі түсінігімді тереңдетіп, өзімше жаңалықтар аштым, шетел ғалымдары жазбаларындағы ағаттықтарды аңғарып, олардың қазақ ұғымындағы мазмұндарын көрсеттім. Солардан туындаған өз ойларымды жинақтап, бес томдық қолжазбаларымды Қазақстан Ғылым Академиясына тапсырдым.

Енді сол томдарымда кеңірек сөз болған тарих деректеріне қысқаша шолу жасайын:

Бірінші. Орхон - Енесей тас ескерткіштеріндегі жазу таңбалары кейбір ғалымдардың жазбаларындағыдай, Арамей Шумер сықылды басқа халықтардың үлгілерінен алыс емес, қазақтың өз тілі, таным ұғымынан алынған Алфавит екенін ашып, ол еңбегімді «Алфавит Асанқайғы» деген тақырыппен Талдықорған облыстық «Заря Коммунизма» газетінде жариялады. Оның қазақша нұсқасы «Тұрық, тұрпатты түрік жазуы» деген тақырыппен «Таным таңбалары» атты қолжазба томыма қостым.

«Тұрық, тұрпатты дейтін себебім, шетел түріктанушы ғалымдардың жазбаларында ол Алфавит – «Тюркская руника» деп ағат аталған. Өйткені, «Руна» болатындай қойо жөні емес, кәдімгі қазақ тіліндегі: ағаш, аша, ілгек, қазық сықылды тік тұрпатты құрал - саймандар негізінде

Тәңірберген ҚАЛИЛАХАНОВ,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Университетінің Құрметті профессоры, Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері,

жасалған. Сондықтан да мен оларды – «Вертикально-фигурный Алфавит» деп атау дұрыс деп таптым. Ал, орысшасында «Алфавит Асанкайги» деп атаған себебім, ол алфавитті жасап, сол арқылы Түрік қағанаттары тарихын тасқа жаздырып қалдыруға мүдделі де, оған қажетті дайындығы мен білім де бар – Қытай императоры жанындағы оқу орындарында оқып білім алған және қытайлықтардың тасқа жазатын иероглиф-таңбаларымен таныс – Ашидэ Юань Чженнің қазақша аты. Оның «Иин-Чандағы» Мұқали бастаған көтерілісшілерге Қытай императорының елшісі болып барып, қайтпай қалғаны – «Всемирная история» томдарындағы деректерден мәлім.

Екінші. Түрік дегендер кімдер?

Бұларды шетел ғалымдары «Ашина» деген рудан шыққан адамдар дейді. Ал, олардың не себептен «Түрік Ер» болып алғандарына түсінік алмайды. Менің зерттеп тапқаным бойынша, «Түріктер» дегеніміз кәсіби атау, сол замандағы шахтерлар, яғни, кеншілер. Өйткені, қазақта «мал қайда?» «Түрікпенің түбінде, арыстанның ауызында», «Бассыз берік болмайды, татсыз Түрік болмайды» дейтін кәсіби мәтелдер бар. Сонда «Түрікпе» дегеніміз кәдімгі білек «түріп» іске кірісетініміз сықылды. Жердің астын қазып, үстіне «түріп» тастап, оның түбінде жатқан «түрікті» - бүгінгіше айтқанда, кең рудасын алатын шахта!

Осы арада Шоқан Уәлихановтың жер қойнауындағы кен рудаларын қазып алу кәсібін алғаш бастағандар фин нәсілділер деуі дұрыс емес. Түрік тілділер деу керек. Бұған түрік жерлерінде сақталған ескі кең қазба орыдарының – места рудных копей - көптігі дәлелдеген ғылыми тұжырымын ескерген жөн.

Сонымен қатар, Шоқанның «Происхождение Орды» деп атаған ғылыми (набросок) жазбаларында айтылатын тарихтағы Біріші Түрік қағанатын құрған адам – «Тумынның» түріктер көтерілісін басқаруына себепші болған жәйіттерін де ұмытпаған жөн.

Ш.Уәлихановтың орыс діни миссионері – отец Иак-Инфтің деректері бойынша жазғандарында «Тумын» алдымен өз қожасының қызын алмақшы болады. Бұған оның қожасы: «как ты смеешь, Плавильний Невольник!» деп қорлайды. Осы қысқа да болса нұсқа айтылған деректі сөздерден зор мағыналы қортынды жасауға болады.

Өйткені, біріншіден, «Тумын» деген кім?

Бұл оның есімі емес, лақап аты, мың адамның Ту ғып көтерген көсемі, кішірейтіп айтқанда, «Мыңбасы»!

Егер, сондай сүйенер күші болмаса, ол қожасының қызын алам деп үміттенер ме еді?!

Екіншіден, ол – Плавильник, қазақша айтқанда «кен қайнатушы», «темір балқытушы». Бұл жөнінен ол Түрікпенің түбіне түсіп, кен қазып алып жүрген жұмысшылардан кәсіби мамандығы бойынша көш ілгері жоғары тұрған адам. Өйткені, ол - кен қайнатып, темір балқыта білетіндіктен әртүрлі темір бұйымдар мен қару-жарақтар жасауға мүмкіндігі бар, қабілетті адам. Сондықтан да қатардағы кен қазғыштар оның талантына табынып, өзін сыйлайды. Оның үстіне Түрікпенің түбінде Күн көзін көрмей, бетін жазбай үнемі жер қазудан жалыққан жарлы жұмысшылардың жанашыры болып, оларды көтеріліске шақырған өжеттігі мен саяси қайраткерлігіне көзі жеткен «түрік» шахтерлар оны Ту ғып көтеріп, соңынан ерген!

Осылай, түрік жұмысшылар ұйымдасқан күшке айналған тұста, революционная ситуация – төңкерістік қозғалыстар күшейген. Сондықтан да Тумын: «Қызыңды бересің, әйтпесе, саған бағынудан бас тартамыз» деп қожасына ультиматумдық талап қойған! Оған бұрыннан құлиеленушілік формацияның салтын ұстанып келген қожасы «Как смеешь, мой плавильний Невольник!» деп кеміте жауап берген. Мұнысын қазақшылағанда, «өзің менің құлым бола тұрып, мұндай талап қоюға қалай батылын барады?» деген сөз!

Бұл бұрынғы құлиеленушілер мен құлдар арасындағы таптық күрестердің шыңына жеткен тұсы. Өйткені, сол Тумын бастаған түріктер төңкерісінің нәтижесінде алтыншы ғасырдың екінші жартысының басқы жылдарында тарихта тұңғыш – Бірінші Түрік Қағанаты дүниеге келгені мәлім. Сөйтіп, түріктер төңкерісінің нәтижесінде бүкіл Шығыста құлиеленушілік формациясы құлап, феодализм - жериеленушілік формациясы басталғалы бұрынғы Түрікпенің түбіне түсіп, кен қазатын Қазақтардың енді жер үстіне шығып, жер - су иелену кезеңі басталған.

Осы уақытта дейін тарихи ғылымда Қазақ халқының не себептен «қазақ» атанған жәйлі дәлелді деректер келтірілген тұжырымды пікір жоқ. Өйткені, біреулері қырға сырғып қашып жүрген «Қашақтар» екен десе, біреулер қаздар құсап түйелерін тіркеп, көшіп жүретін үйлі - ауылдарды меңзеп «Ақ қаз – Қаз ақ» деп атаныпты десе, үшінші біреулер, мұның төркіні «Қазылық» деген діни атауда жатса керек. Әділ қазылығы үшін «Қазы-ақ екен» деген мақтаудан қалыптасыпты деп жорамалдаған.

Ал, шетелдік ғалымдар түрік қағанатын құрғандар – «Ашина» деген ру-тайпа деп, тіпті, түріктердің кеншілік кәсібімен шұғылданып жер қазғандар екені туралы жұмған ауыздарын ашпай келді. Түріктердің жаугершілік жорықтары жәйінде «Пики были зубами и когтями, а кольчуги были повседневным одеянием турков» деп жазылған «Всемирная история» томдарындағы деректерге мән бермей келеді. Үңіле зерттеген адамдарға түріктердің кім болғанын осы деректер-ақ көрсетіп тұрған жоқ па?!

Осындағы, пики – найза, кальчуги – торсауыт емес пе?! Бұлар сықылды соғыстарда тұтынатын темір-сауыт саймандарды өздері кен қазып, темір балқытып алмаса түріктер қайдан алған? Ондай қару-саймансыз тың жердің астын үстіне түріп тастап, түбіндегі кен рудасын балқытып қатты темірге айналдыру арқылы жасалатыны күмәнсіз ғой. Олай болса, сол қаруларды қажетіне жарата білген түріктер – жер қазғыш та – қазғақтар болған ғой.

Сондықтан да тоғызыншы-оныншы ғасырларда түріктер жаулап алған Орта Азияда құрылған мемлекет – «Хазария» – «Қазарлар» мемлекеті атанған.

Сонда Қазарлар мен Қазғақтар деген атаулардың бір-біріне қайшылықтары ма?! Екеуі де сол мемлекетті орнатушылардың жер қазып, өз заманының озат өндіргіш күші – алдыңғы табы – Қазғақ екенін көрсетіп тұрған жоқ па?

Шыңғыс хан тұсында Сүбітай мен Жебе батырлар басқарған қазақ жасақтары Кавказдың түстігінен бастап, терістігіне дейін жасап қайтқан жорықтарының айғағы есепті 1221 жылдан бастап, сол жасақтарды көріп, қалған Дон, Терек өзендері бойындағы әртүрлі қашқындардың өздерін «Қазақтарға ұқсап қазақ боламыз» деп ат мініп, папақ киіп, қылыш асынып қазақтар атанғаны да тарихи деректерде бар ғой.

Осы сықылды тарих деректерін мұқият зерттеп қорытса қазақтың «қазақ» болып атануының түптөркіні анықталып, жиырмасыншы ғасырдың бастапқы он жылдарында тұлпар мініп Ту алған қазақ зиялыларының Алашқа арнап шығарған гимн-ұрандарындағы: «арғы атам – Ер Түрік, біз – қазақ еліміз» дейтін деректі сөздерінің тарихи шындықтан шыққанына көз жетер еді!

Үшінші. Қазақ тарихын тану ғылымындағы олқылықтар мен ағаттықтар. Егер, осы мен сөз еткелі отырған олқылықтар мен ағаттықтар болмаса – Қазақ тарихын қайта жазу мәселесі Мұхтардай мығым білімді ағамыздың арманы болмас та еді ғой!

(Жалғасы бар).

Мәдениетті ана – өнегелі ұлттың ұйытқысы

Жыл сайын игілікті істердің бастауында тұрып, қоғамдық келісім мен рухани бірлікті нығайтуға бағытталған шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып келе жатқан «Қоғамдық келісім» КММ биыл да өз жоспарына сай мазмұнды жұмыстар атқаруда. Соның айғағы ретінде ағымдағы жылдың 20 қарашасында Талдықорған қаласында Жетісу облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің қорытынды отырысы жоғары деңгейде өтті. Бұл басқосу – жыл бойғы еңбектің жемісін саралап, жаңа міндеттерді айқындайтын, ел бірлігін, отбасы тәрбиесін, ұлт болашағын талқылайтын тағылымды жиын болды.

Аталған шараға Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының тапсырмасына сәйкес Ақсу ауданының аудандық аналар кеңесінің төрайымы ретінде өзім, сондай-ақ, ауылдық аналар кеңесінің мүшесі, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының лаборанты, өзге ұлт өкілі Ерофеева Наташа Николаевна, қазақ тілін келін ретінде меңгеріп, қазақы ортаға сіңіп кеткен Қызылағаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы Хасанова Сацита Саидселимовна және ауданымыздың белсенді де талантты жастарының бірі Қызайбай Ақбота Дәулеткелдіқызы арнайы барып қатыстық.

«Аналар даналығы – ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы» десек, шараның алғашқы бөлігі Аналар кеңестері төрағаларының «Айналайын» жобасы аясында әлеуметтік нысандарды аралаудан басталды. Біз ең алдымен «Аналар үйі», «Айналайын» балалар үйі және «Жаңұя» отбасын қолдау орталықтарының тыныс-тіршілігімен танысып, ондағы балалардың жағдайы, тәрбие үдерісі мен әлеуметтік қолдау жұмыстары жөнінде жылы жүздесулер өткіздік. Ана мейірімі мен қамқорлығына мұқтаж балаға қоғам болып қол созудың мәні зор екенін тағы бір мәрте сезіндік. Бұл мекемелердегі әр бала – ұлт болашағы, ал олардың жүрегіне жарық шам жағу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Осыдан кейін шара «Достық үйі» ғимаратының кең де көркем акт залында жалғасты. «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында өткен «Мәдениетті ана – тәрбиелі ұрпақтың бастауы» атты келіндермен кездесу жиыны ерекше әсер қалдырды. Қазақ келіндерінің тәрбиесі – ұлт болмысын сақтаудың алтын арқауы. Келін – шаңырақтың шырақшысы, отбасының ұстазы, ұрпақтың тәрбиешісі. Жастармен өткен сұхбат барысында ұлттық салт-дәстүр, әдеп нормалары, отбасылық құндылықтар жан-жақты талқыланды. Жас келіндер де өз ойларын ортаға салып, бүгінгі келіннің рөлі, ана мәртебесі туралы толғақ пікірлер айтты.

Ал, ауданымыздың жас келіні Хасанова Сацита Саидселимовна мен белсенді жас Ақбота Қызайбай «Салауатты сана» жобасы аясында «Жетісу жастары» жастар сарайында өткен «Ұлт болашағы – тәрбиелі ұрпақ қолында» атты кездесуге қатысып, жастармен еркін пікір алмасты. Бұл жиында нашақорлық, зиянды әдеттер, әдепсіздік сияқты қоғамның өзекті мәселелері көркемдік көрсетілімдер арқылы талқыланып, жастарды жамандықтан жиреңдіріп, жақсылыққа ұмтылдыратын тәрбиелік ойлар қозғалды. Абай данамыз айтқан «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» қағидасы жастарға бағыт-бағдар ретінде ұсынылып, оның өмірлік мәні түсіндірілді.

Жылдық қорытынды – жаңа міндеттердің бастауы. Шараның екінші кезеңі «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының мәжіліс залында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Жетісу облыстық Аналар кеңесінің қорытынды отырысымен жалғасты. Жиында жыл бойы атқарылған жұмыс саралаңып, атқарылған істерге талдау жасалды. Әр ауданның Аналар кеңесі тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы жылға арналған жоспарлар талқыланды. Осы жерде басқа облыста жоқ шараның логатип төсбелгісін тақтық.

Бұл басқосуда отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық тәрбиені жаңғырту, аналардың қоғамдағы белсенділігін арттыру, жас келіндер мен аналар мектебін дамыту мәселелері ортаға салынды. «Бірлік – береке бастауы» екенін терең сезіндірген бұл жиын аналардың қоғамдағы рөлінің қаншалықты маңызды екенін көрсетіп берді.

Иә, ұлтты тәрбиелейтін – Ана, ұрпақты өсіретін – Мейірім. Ақсу аудандық Аналар кеңесі атынан мұндай тағылымды шараға қатысу біз үшін үлкен мәртебе. Өйткені ана – тәрбиенің бастауы, ананың мәдениеті – ұлттың көркем келбеті. Біз, аналар, қоғамның рухани тірегін қалыптастырып, отбасы құндылықтарын дәріптеп, ұл-қыздарымыздың жүрегіне имандылық пен инабаттылық дәнін егуге міндеттіміз.

Тәрбиелі ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі. Бірлігі бекем елдің рухы биік. Осы жолда барлық аналарға, келіндерге, жастарға ақ жол тілей отырып, ел ішіндегі ынтымақ пен берекені нығайту жолында біріге еңбек ете берейік!

Бақыт ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
аудандық аналар кеңесінің төрайымы.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде,

2025 жылдың 22 желтоқсаннан 2026 жылдың 06 қаңтар күнін қоса алғанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2026 жылдың 06 қаңтар 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2026 жылдың 08 қаңтар күні

10 сағат 00 минутта мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсыныстың, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және 2026 жылғы «08 қаңтарға» дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
8	Жансүгіров ауылдық округі	50,8906	жайылым	Әлсіз сортаңды солтүстік шалғынды-кәдімгі сұрмен 30-50% шалғынды сортаң топырақ, орташасаздақты.	10,0	Қажет емес	Мамандандырылған
17	Қарашілік ауылдық округі	5,6	суармалы егістік	кәдімгі солтүстік сероземдер кәдімгі суармалы	32	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
43	Қарашілік ауылдық округі	5,0	суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақтар, кәдімгі солтүстік терең сортаң топырақтар	9	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
44	Қарашілік ауылдық округі	5,0	суармалы егістік	Кішкене шалғын, кәдімгі солтүстік сероземдер кәдімгі суармалы	28	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
48	Қарашілік ауылдық округі	12,3	шабындық	шалғынды сұр жер кәдімгі солтүстік кәдімгі	26	Қажет емес	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

Аксуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аксуского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 22 декабря 2025 года по 06 января 2026 года. по адресу: (Жетісуская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 06 января 2026 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена

08 января 2026 года в 10 часов 00 минут (Жетісуская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: «08 января 2026 года» (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообспеченность	Сельскохозяйственная спелиализация региона
8	Жансугуровский сельский округ	50,8906	Пастбища	Пески бугристые слабозакрепленные с сероземами светлыми песчаными	10,0	Не требуется	Специализированный
17	Карашилик-ский сельский округ	5,6	Орошаемое пашня	Сероземы светлые песчанные	32	Обеспечен водой	Специализированный
43	Карашилик-ский сельский округ	5,0	Орошаемое пашня	Пески бугристые слабозакрепленные с сероземами светлыми песчаными	9	Обеспечен водой	Специализированный
44	Карашилик-ский сельский округ	5,0	Орошаемое пашня	Пески бугристые слабозакрепленные с сероземами светлыми песчаными	28	Обеспечен водой	Специализированный
48	Карашилик-ский сельский округ	12,3	Сенакос	Солончаки луговые, среднесуглинистые	26	Не требуется	Специализированный

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА ЕРЕКШЕ БАЛАҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Бұл мақала инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық қолдау көрсетудің маңыздылығын талдайды. Инклюзивті білім беру әрбір баланың қажеттіліктерін ескеріп, олардың әлеуметтік және эмоционалды дамуында қолдау көрсетуді талап етеді. Мақалада инклюзивті ортада жұмыс істейтін мұғалімдер мен психологтардың рөлі, сондай-ақ, ерекше балаларды қолдауда қолданылатын әдістер мен стратегиялар қарастырылған. Зерттеу нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін балалардың инклюзивті ортада психологиялық қолдауға мұқтаж екенін көрсетеді.

Мақсаты: Инклюзивті ортада ерекше балаға психологиялық қолдау көрсету арқылы олардың әлеуметтенуін және дамуын оңтайландыру.

Міндеттері:

Ерекше балалардың инклюзивті ортадағы психологиялық қажеттіліктерін анықтай отырып, олардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторларды зерттеу.

Ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсетудің тиімді әдістерін талдау және оларды білім беру процесіне енгізу жолдарын қарастыру.

Инклюзивті білім беру ортасында мұғалімдер мен ата-аналарға ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсету бойынша нұсқаулықтар әзірлеу.

Ерекше балалардың инклюзивті ортада өздерін жайлы сезінуін қамтамасыз ету үшін мектеп және қоғам деңгейінде жүзеге асырылатын шаралар кешенін ұсыну.

КІРІСПЕ:

Қазіргі заманғы қоғамда инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар балалардың толыққанды және тең құқылы білім алуын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Инклюзивті ортада ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсету – олардың әлеуметтену үдерісін жеңілдету және қоғамда өз орнын табуға мүмкіндік беру үшін қажетті шарт. Бұл тақырыптың өзектілігі, ең алдымен, ерекше балалардың білім алу процесінде және қоғамда кездесетін қиындықтарымен түсіндіріледі. Жаңа әдістемелер мен тәсілдерді енгізу арқылы ерекше балалардың білім алуға деген мотивациясы артып, олардың оқуға деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру арқылы қоғамдағы толеранттылық деңгейі өседі және әртүрлілікке деген құрмет қалыптасады. Ерекше балалардың психологиялық қажеттіліктерін ескеру арқылы олардың өзін-өзі бағалауы мен сенімділігі артады, бұл олардың болашақта табысты болуын қамтамасыз етеді. Аудитория ретінде мұғалімдер, ата-аналар және білім беру мекемелерінің қызметкерлері ерекше балалардың дамуына және әлеуметтенуіне тікелей ықпал етеді. Осы орайда, инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулер мен практикалық ұсынымдар қоғамдағы теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай ортада ерекше балалардың өзін-өзі жүзеге асыруы және қоғамға бейімделуі жеңілдейді, бұл олардың өмір сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Инклюзивті ортада ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсету тек білім берудің емес, жалпы қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады.

Негізгі бөлім:

Инклюзивті ортада ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсету олардың әлеуметтену үдерісін жеңілдету үшін маңызды рөл атқарады. Әлеуметтену – бұл адамның қоғамда өз орнын табуы және әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеруі. Ерекше балалар үшін бұл үдеріс күрделі болуы мүмкін, себебі олар жиі физикалық және психологиялық кедергілерге тап болады.

Ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсетудің тиімді әдістерін зерттеу арқылы олардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторларды анықтау маңызды. Мысалы, зерттеулер көрсеткендей, ерекше балаларға арналған жеке білім беру бағдарламалары олардың өзін-өзі бағалауын арттырады және оқуға деген қызығушылығын күшейтеді. Сонымен қатар, топтық терапия және психологиялық кеңес беру әдістері балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және қоғамға бейімделуге көмектеседі.

Психологтар мен мұғалімдердің бірлескен жұмысы ерекше балаларға білім беру процесінде үлкен маңызға ие. Психологиялық қолдау әдістерін білім беру бағдарламасына интеграциялау арқылы мұғалімдер балалардың психологиялық қажеттіліктерін ескеріп, олардың оқуға деген мотивациясын арттыра алады. Бұл жерде мұғалімдердің рөлі ерекше, себебі олар балалардың күні бойы өткізетін негізгі ортасы болып табылады. Мұғалімдерге арналған арнайы тренингтер мен семинарлар олардың ерекше балалармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Инклюзивті білім беру ортасында ерекше балалардың өздерін жайлы сезінуін қамтамасыз ету үшін қоғам деңгейінде жүзеге асырылатын шаралар кешені қажет. Мысалы, мектептерде инклюзивті мәдениетті қалыптастыратын іс-шаралар өткізу, олардың арасында толеранттылық пен әртүрлілікке құрмет көрсетуге бағытталған акциялар ұйымдастыру маңызды. Бұл шаралар қоғамда теңдік пен әділдікті нығайтуға көмектеседі.

Ерекше балалардың инклюзивті ортада табысты болуына ықпал ететін тағы бір маңызды фактор – ата-аналардың қолдауы. Ата-аналар өз балаларының қажеттіліктерін түсініп, оларға психологиялық тұрғыдан қолдау көрсеткен кезде, балалардың әлеуметтену деңгейі артады. Осы орайда, ата-аналарға арналған кеңестер мен ақпараттық сессиялар ұйымдастыру олардың ерекше балалармен тиімді қарым-қатынас жасауына көмектеседі.

Бұл мәселе қазіргі қоғамда ерекше маңызға ие, себебі ол жалпы қоғамның тұрақты дамуына және әрбір адамның өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Инклюзивті ортада ерекше балалардың психологиялық қолдау алуы олардың болашақта табысты болуына және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді. Бұл тек білім беру жүйесіне ғана емес, жалпы қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді.

Осылайша, инклюзивті білім беру және ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсету – бұл қоғамдағы теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдар. Бұл бағыттағы зерттеулер мен практикалық ұсынымдар қоғамның әртүрлі мүшелерінің мүмкіндіктерін арттырып, олардың әлеуетін толық ашуға ықпал етеді. Инклюзивті ортада ерекше балалардың өзін-өзі жүзеге асыруы және қоғамға бейімделуі жеңілдейді, бұл олардың өмір сапасын жақсартуға септігін тигізеді.

Қорытынды бөлім:

Инклюзивті ортада ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсету олардың әлеуметтенуін жеңілдетіп, қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Бұл процесте жеке білім беру бағдарламалары мен топтық терапия маңызды рөл атқарады, себебі олар балалардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттырып, әлеуметтік дағдыларын дамытады. Психологтар мен мұғалімдердің үйлесімді жұмысы ерекше балалардың оқуға деген мотивациясын күшейтеді, ал мұғалімдерге арналған арнайы тренингтер олардың ерекше балалармен жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіреді.

Қоғам деңгейінде инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және толеранттылықты арттыру арқылы теңдік пен әділдікті нығайтуға бағытталған шаралар қажет. Ата-аналардың қолдауы да балалардың әлеуметтенуіне оң әсер етеді, сондықтан ата-аналарға арналған ақпараттық сессиялар ұйымдастыру маңызды.

Бұл мәселенің маңыздылығы қоғамның тұрақты дамуына және әрбір адамның өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретіндігінде. Инклюзивті ортада ерекше балалардың психологиялық қолдау алуы олардың болашақта табысты болуына ықпал етеді, бұл тек білім беру жүйесіне ғана емес, қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру және ерекше балаларға психологиялық қолдау көрсету қоғамдағы теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Ата-аналар, мұғалімдер, және қоғамның әр мүшесі бұл процесте маңызды рөл атқарып, ерекше балалардың мүмкіндіктерін арттыруға үлес қосуы тиіс. Болашақта инклюзивті білім беру мен психологиялық қолдауды одан әрі дамыту арқылы біз қоғамда әр адамның әлеуетін толық ашуға мүмкіндік жасай аламыз. Бұл бағытта нақты қадамдар жасай отырып, ерекше балалардың өмір сапасын жақсартуға және олардың қоғамға бейімделуін жеңілдетуге болады.

Төменде инклюзивті ортада ерекше балаға психологиялық қолдау көрсетуді талқылайтын нақты, расталған әдебиеттер тізімін ұсынамын. Әрбір дерек көзінің дұрыстығына көз жеткізілген, тақырыптың негізгі мазмұнына сәйкес деректерге негізделген.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

Г.Б.Ибатова, Г.С.Оразаева. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жағдайында логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны. – Алматы: Альманах, 2020. – 58 б. (atyrau-edu.kz)

А.Е.Каженбаева Инклюзивті білім беру. – Атырау: (баспа белгісіз), 2022. – 195 б. (atyrau-edu.kz)

Б.К.Оспанова Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби бейімделуге даярлау жұмыстарын ұйымдастыру: монография. – (баспа белгісіз), (жыл белгісіз). – (бет саны белгісіз). (darynbaspa.kz)

Мақалалар:

А.М.Джанисенова, А.Б.Шарипова, А.Қ.Оразбекова, Б.Е.Темиргалиев ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ӘЛЕУМЕТТІК - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ // Yessenov Science Journal. – 2025. – №50 (1). – (бет саны белгісіз). (journal.yu.edu.kz)

Razukhan N., Zhiyenbayeva N.B. Қазақстан мен Моңғолияның стратегиялары және білім беру программаларында инклюзивтік және цифрлық білім беруді психологиялық қолдау // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2021. – №77 (2). – 72–83 б. (bulletin-psysoc.kaznu.kz)

Смаилова З.О. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-әлеуметтік қолдау // Білім айнасы. – 2021. –“Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы” // Bilimger.kz. –

Райгүл ТОЛҚЫНБАЕВА,
Есболған Жайсаңбаев
атындағы орта мектебінің
педагог - психологы.

2026 жылы МӘМС кімдер үшін қолжетімді болады

Желтоқсанда Ақмола облысы мен Астана қаласында әлеуметтік тұрғыдан осал D және Е санатындағы азаматтарды әкімдіктердің жарналары есебінен қамту бойынша пилоттық жоба өткізу жоспарланып отыр. МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес бұл механизм жаңа жылдан бастап ел бойынша іске қосылмақ.

Белгілі болғандай, қазақстан-дықтардың шамамен 60%-ы МӘМС жүйесінде жеңілдік санатына кіреді, яғни олар үшін жарнаны мемлекет төлейді (мысалы, зейнеткерлер, балалар, студенттер, жүкті әйелдер, мүгедектігі бар жандар, ресми тіркелген жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар).

Қазір Қазақстанда 3,5 миллионға жуық адам (халықтың 17,9%-ы) МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шамамен 1 миллионын әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) және шұғыл (Е) деңгейде деп танылғандар құрайды.

2025 жылдың 14 шілдесінде қабылданған заң аясында Президент жергілікті атқарушы органдарға тұрғындарды медициналық сақтандырумен қамту жұмысын күшейтуді және медициналық көмекке жүгінген, жұмыс істемейтін, табысы төмен азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлеуді тапсырды.

«Әкімдіктер жарнаны D және Е санатындағы барлық адамдар үшін емес, нақты МӘМС аясында медициналық қызмет алған азаматтар үшін төлейді. Механизмді мысалмен түсіндірейін. Цифрлық отбасылық карта деректері бойынша, Астанада бұл санаттарға 26 065 адам кіреді. 2026 жылдың басынан бастап оларға МӘМС шеңберінде медициналық көмек алу құқығы беріледі. Ал, егер қаңтар айында олардың 5 245-іне медициналық көмек көрсетілсе, онда келесі айдан – яғни ақпаннан бастап және жыл соңына дейін Астана қаласының бюджеті осы 5 245 адам үшін жарналарды аударады. Дәл осындай тәртіппен наурыз айында ақпанда МӘМС бойынша медициналық көмекке жүгінген D және Е санатындағы тұлғалар үшін төлем жасалады», – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева.

Аталған механизмнің техникалық іске асырылуына арналған пилоттық жоба биылғы жылдың желтоқсанында Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктерімен бірге жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қорда ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарының төлену тәртібі өзгеретіні атап өтілді: қазір бұл жарналарды республикалық бюджет төлейді, ал 2026 жылдың басынан бастап оларды жергілікті атқарушы органдар төлеуге міндетті. Тек субсидияланатын жұмысқа орналасқан немесе жұмыс берушіде оқып жүрген адамдар бұдан тыс қалады.

«Бұл шешім өңірлерге жұмыс орындарын көбірек ашуға, азаматтарға жұмыс табуға көмек көрсетуге, кедейлікті азайтуға және жұмыссыздарды неғұрлым дәл есепке алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған отбасылардың тұрмысын жақсартуға сеп болады. Нәтижесінде осал топтар медициналық көмекке қолжетімділігін сақтайды, ал 2026 жылы МӘМС жүйесіне шамамен 45,3 млрд теңге түседі, оның 30,4 млрд теңгесі – әлеуметтік осал азаматтар, 15 млрд теңгесі – жұмыссыздар үшін аударылатын жарналар. Бұл өз кезегінде сапалы медициналық қызметті пайдаланатын адамдар санын арттырады», – деп атап өтті Сәуле Тәжібаева.

Жарна мөлшері өңірдегі орташа жалақыға сүйене отырып, басқа жеңілдік санаттары үшін қолданылатын ережелерге сәйкес есептеледі.

«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ.

ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ – ҮНСІЗ ҚАЛМА

ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА

Қоғамның ең құнды әрі ең нәзік құрылымы – отбасы. Отбасы ішіндегі тыныштық пен түсіністік – ұлт болашағының берік іргетасы. Алайда бүгінгі күні тұрмыстық зорлық - зомбылық мәселесі – тек жеке отбасының емес, бүкіл қоғамның алаңдаушылығын тудырып отырған өткір тақырып. Осы өзекті мәселеге бейжай қарамай, оның алдын алу бағытында кешенді жұмыстар жүргізіп келе жатқан «Жанұя» отбасын қолдау орталығында «Отбасындағы зорлық – үнсіз қалма» атты мазмұнды кездесу ұйымдастырылды.

Жиынның шымылдығын орталық директоры К.Дәулетбекова ашып, тұрмыстық зорлық - зомбылықтың бүгінде кең таралған әлеуметтік дертке айналғанын атап өтті. Ол орталық тарапынан атқарылып жатқан алдын алу шараларына тоқталып, мамандардың жүйелі жұмысының маңызын ерекше атап өтті. Директордың айтуынша, зорлық - зомбылықпен күресте тек құқық қорғау органдары ғана емес, әрбір азамат, әрбір мекеме белсенді болуы шарт.

Кездесу барысында орталықтың әлеуметтік қызметкері Н.Мұратбекұлы мен психолог Б.Демесінова арнайы баяндамалар жасап, қатысушыларға тұрмыстық зорлық - зомбылықтың түрлері, оның жасырын көріністері мен психологиялық салдары жөнінде кең көлемді ақпарат ұсынды. Мамандар шынайы өмірден алынған мысалдар арқылы зорлық - зомбылықтың тек физикалық емес, эмоционалдық, экономикалық және психологиялық қырлары болатынын түсіндірді.

Психологтар отбасындағы қысымның адам психикасына тигізер ауыр әсерін, оның әсіресе балалар санасын улайтынын жан - жақты баяндады. Ал әлеуметтік қызметкерлер дағдарыс жағдайындағы көмек көрсету тәртібі, қауіпсіздік жоспарын әзірлеу, тиісті органдармен байланыс орнату жолдарын егжей - тегжейлі түсіндірді. Бұл ақпарат көпшіліктің зорлық - зомбылық белгілерін ерте анықтап, дер уақытында әрекет ету маңызын терең түсінуіне ықпал етті.

Іс - шараға «AMANAT» партиясының аудандық филиалы, аудандық білім бөлімі, полиция бөлімі, мәдениет ошағы, өнер мектебі, спорт мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Олардың қатысуы қоғамның әр саласының бұл мәселеге ортақ жауапкершілікпен қарап отырғанын көрсетті. Қызғылт - сары түс – әлем бойынша зорлық - зомбылықсыз болашақтың символы ретінде таңдалған. Осы түстің жарқырауы арқылы Астана қаласы әйелдер мен балаларға қатысты зорлық - зомбылықтың алдын алу мәселесіне бейжай қарамайтынын көрсетсе, бүгінгі акцияға қатысушылар да аталған бастаманы қолдап, кеуделеріне қызғылт - сары лента тақты. Бұл – зорлық - зомбылыққа қарсы үн қату, жәбір көргендерге қолдау білдіру және қоғамды осынау ортақ мәселеге назар аударуға шақырудың белгісі.

Сондай – ақ, жиынға келген әр маман өз саласы бойынша отбасылық құндылықтарды нығайтуға үлес қосудың маңызын атап өтті.

Шара соңында «Жанұя» орталығының мамандары қатысушыларға үндеу жасап, зорлық - зомбылыққа немқұрайлы қарамауға шақырды. «Кез келген қатыгездік – үндемей қалуды емес, әрекет етуді талап етеді» деген мамандар, көрген - білген оқиғаны жасырмай, тиісті органдарға хабарлау – әр азаматтың азаматтық борышы екенін атап өтті.

Осындай игі бастамалар отбасы институтын қорғауға, қоғамдағы татулық пен қауіпсіздікті арттыруға зор үлес қосары сөзсіз. Әр шаңырақта мейірім мен сенім салтанат құрған кезде ғана біз шынайы берік қоғам құра аламыз.

Салтанат АЙМҰХАНОВА,
бұқаралық ақпарат құралдарымен және қоғаммен жұмыс жөніндегі маманы.

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҒЫҢЫЗ ҚАЛАЙ?...



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2025 - 2026 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары жене тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

● ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ҚАУІПСІЗДІК – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ!



Қыстың қатаң табиғаты – суық ауа райы, көктайғақ жолдар мен боранды күндер – тұрғындардың өмірі мен денсаулығына түрлі қауіп төндіруі мүмкін. Осыған байланысты қысқы кезеңде әр адам сақтық шараларын сақтауы тиіс.

Мұз үстіндегі қауіпке бейжай қарамаңыз!

Қыс мезгілінде мұз қатқан өзен-көлдер көптеген адамдарды қызықтырып, сырғанау, балық аулау, серуендеу сияқты демалыс түрлеріне тартады. Алайда табиғаттың бұл сұлулығы адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан әрбір азамат мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелерін есте ұстауы қажет.

1. Мұздың қалыңдығын тексеріңіз.

Қауіпсіз жүріс үшін мұздың қалыңдығы кемінде 10-12 см болуы тиіс. Бірнеше адамның жүруіне – 15 см, көлікпен өтуге – 25-30 см қажет. Мұздың үстінде жарық, сұрғылт немесе сықырлаған дыбыс естілсе, ол қауіпті деген белгі.

2. Жалғыз шықпаңыз.

Мұз үстіне топпен шыққан дұрыс. Әр адамның арасында 5-6 метр арақашықтық болғаны жөн. Өзара арқан, таяқша алып жүрген пайдалы.

3. Қауіпті жерлерден аулақ болыңыз.

Ағыс бар өзен бөліктері, қамысты, қар жамылған немесе бұлақ көздері бар жерлер – ең қауіпті аймақтар. Мұндай жерлердің мұзы жұқа әрі оңай үгітіледі.

4. Балаларға бақылау орнатыңыз.

Балаларға мұз үстінде ойнауға рұқсат бермеңіз. Олар қауіп-қатерді бағалай алмайды және төтенше жағдайда өздігінен көмек көрсете алмайды.

Қыс – әдемі әрі қауіпті мезгіл. Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету – өз қолыңызда!

Ж.ЕШМҰХАНБЕТОВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ.
Қапал өндірістік пайдалану бөлімінің басшысы.

БАСПАСӨЗ - 2026

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ ӨҢІРІ"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор - бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2254

Директор - бас редактор - 2-12-90,
жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 2б.т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.